

МӘҢГІ ЕСІМІЗДЕ ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ EVERLASTING MEMORY

Жетпісбай Бекболатұлы,

баспагерлік-редакторлық және
дизайнерлік өнер кафедрасының менгерушісі

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ



Қатыгез тағдырдың жазуымен үстіміздегі жылғы ақпанның соңында өмірден өткен Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға оқытушы Бақыт Оқанқызы Асембаева биыл мерейлі 50 жасын тойлар еді. Ұлағатты Ұстаз, зерделі зерттеуші факультетіміздегі студенттік кезеңін 1990 жылы аяқтады. 2001 жылдан бастап факультетте оқытушы, аға оқытушы, 2006-2010 жылдары факультет деканының оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми жұмыс

жөніндегі орынбасары болып істеді, магистратура бөліміне жетекшілік жасады.

Бақыт Оқанқызы осы жылдар ішінде факультеттің кәсіподақ төрайымы болды, университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін 2006 жылы университет грамотасымен марапатталды. Сол жылы республика көлемінде журналистика мамандығы бойынша бірінші рет өткен «Ең дарынды болашақ журналист» атты студенттер арасындағы пәндік Олимпиаданы ұйымдастырды. Университет қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы болып, абитуриенттерді оқуға тарту жұмысын жандандырды. 2010-2011 оқу жылында 11-сынып оқушылары арасында жүргізілген республикалық «Әл-Фараби» олимпиадасын Көкшетау, Алматы қалаларында өткізуге белсене қатысты.

Бақыт Асембаева «Кітап ісінің құқықтық негіздері», «Баспа ісінің менеджменті мен маркетингі», «Кітап ісіндегі логистика», «Электронды басылымдар» және «Кітап мұқабасы және оны безендіру өнері», «Қазақ кітабының тарихы» курстарының қазақ және орыс тілдеріндегі оқу-кешендік бағдарламасын жасады, «Баспа ісі» мамандығы бойынша білім берудің мемлекеттік

стандартын дайындауға белсене атсалысты. «Әлкей Марғұлан публицистикасы» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыса жүріп, университет және факультет көлемінде өткен конференцияларға, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысты, көптеген ғылыми мақалаларын жариялады. Бақыт Оқанқызының 2011 жылы жарыққа шыққан «Баспа ісінің менеджменті мен маркетингі» атты оқу құралы ғылыми-педагогикалық жұртшылық тарапынан жылы қабылданды. Қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген Бақыт Асембаева «ҚазҰУ Жаршысы. Журналистика

сериясы» атты ғылыми журналдың қазақша шығарылымының редакторы болды.

Отандық баспа-полиграфия саласына сіңірген зор еңбегі үшін Бақыт Оқанқызы Асембаева Қазақстан баспагерлер, полиграфистер және кітаптаратушылар Ассоциациясының «Кітап мәдениетіне қосқан жеке үлесі үшін» медалінің иегері атанды.

Ұлағатты Ұстаз, зейінді зерттеуші Бақыт Оқанқызының педагогикалық және ғылыми мұрасы баспагерлер мен дизайнерлердің болашақ буындарының игілігіне айналды.